



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПӘКІСТАН ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ШАХБАЗ ШАРИФПЕН ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Пәкістан тарапының бастамасымен өткен әңгімелесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-министр Шахбаз Шариф бір-бірін Құрбан айт мейрамымен құттықтады.

Тараптар екіжақты қатынастардың перспективті бағыттарына айрықша мән берді.

Мемлекет басшысы екі елдің көпжақты ынтымақтастығының қозғаушы күшіне айналып келе жатқан эко-



номикалық кооперацияның әлеуеті зор екенін атап өтті. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Пәкістанның халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастығына қатысты мәселелер, соның ішінде алдағы уақытта Астанада өтетін ШЫҰ саммитінің күн тәртібі талқыланды.



ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Құрбан айт мерекесіне орай шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтау хаттары мен жеделхаттар келіп түсті.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өзінің құттықтауында екі ел басшыларының саяси ерік-жігері мен ортақ іс-әрекетінің арқасында халықтарымыз арасындағы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан достық, ынтымақтастық және тату көршілік қатынастар стратегиялық серіктестік пен одақтастық деңгейіне көтерілгенін атап өткен. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевтың жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Қазақстан халқына бақ-береке тілеген.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров адамзатты мейірімділікке үндейтін осынау қасиетті күнде достас Қазақстан халқының барлық арман-ниеті орындалуына тілектестік білдіреді. — Біздің елдеріміз арасында қалыптасқан тығыз әрі достық қарым-қатынас бауырлас халықтарымыздың игілігі үшін алдағы уақытта да нығая түсетініне сенімдімін, — деп жазылған жеделхатта.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Қасым-Жомарт Тоқаевқа денсаулық, зор бақыт, аса жауапты қызметіне табыс, ал Қазақстан халқына бейбітшілік пен тұрақтылық, бақ-береке тілеген.

— Бауырлас халықтарымызды ортақ мәдени-рухани құндылықтардан, соның ішінде бүкіл

мұсылман үмбеті үшін қасиетті саналатын Құрбан айт мерекесінен бастау алатын берік достық қатынастар мен өзара тілеулестік біріктіреді, — деп жазған Тәжікстан Президенті.

Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов өз құттықтауында тарихи тамыры мыңжылдықтардан басталатын, адамзаттың рухани құндылықтарын паш ететін қасиетті мейрам барша мұсылман үмбетінің өзара түсіністігі мен сенімінің нығаюына ықпал ететінін атап өткен.

Сонымен қатар Құрбан айт мейрамына орай өздерінің ізгі тілектерін БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Әс-Сиси, Иордания Королі II Абдалла, Марокко Королі VI Мұхаммед, Кувейт Әмірі шейх Мишааль әл-Ахмад әл-Джабер әс-Сабах, Оман Сұлтаны Хайсам бен Тарик, Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл Халифа, Палестина Президенті Махмуд Аббас, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай Әміршісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрдің орынбасары шейх Мансур бен Заид Әл Нахаян, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Хусрав Нозир, Ислам ынтымақтастығы ұйымының Бас хатшысы Хиссейн Брахим Таха және тағы басқалар жолдады.

Қазақстан Президентінің атына құттықтау хаттары мен жеделхаттар әлі де келіп түсіп жатыр.

БӘСЕКЕ БОЛМАЙ, БАНК ОҢБАС

Мемлекет басшысы жыл басында экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту және халықтың кредиттелуін төмендету жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойды. Президент банк секторындағы қазіргі күрделі ахуалдың шешімі ретінде шетелдік инвесторларды тартуды ұсынған еді. Былтыр халыққа Жолдауында да бәсекелестікті арттыру үшін елге үш сенімді шетелдік банкті тартуды тапсырған болатын.

«Банк саласындағы тағы бір өзекті мәселе — барлығы бірнеше банктің қолында шоғырланған. Қазір Қазақстанда 21 банк бар. Бірақ корпоративті секторға несие беруден, яғни экономикалық жобаларды қаржыландырумен бірнеше ірі банк қана айналысады. Сондықтан осы саладағы бәсекені арттыру үшін елімізге шетелден сенімді үш банкті тартқан жөн», — деді Президент.

(Жалғасы 4-бетте)



СОРҒА БІТКЕН СУСЫН



Елімізде қоғам белсенділерінің бірі айтқандай, «адамды жынға айналдыратын» өнімге қарсы күрес басталғандай. Әңгіме — энергетикалық сусындар туралы болып отыр. Депутаттардың пікірінше, бұл сусынды көп тұтынатын — лудомандар: олар энергетиктің қызуымен отырып, бәске шектен тыс қаржы тігіп қойғанын да байқамайды. Сондықтан бұл сусын түрін 21 жасқа толмаған жастарға сатуға тыйым салынбақ. Оның жарнама-сына да рұқсат етпеу ұсынылды.

«СУСЫН ІШІП, БАТЫЛ БӘС ТІГЕДІ»

Екіншісі біле бермес, бірақ энергетикалық сусындар (ЭС) жас ұрпақтың болашағына балта шауып қана қоймай, мемлекетке ауыртпалық түсіреді, оның адами және уақыт ресурстарын босқа рәсуа қылуға мәжбүрлейді. Мысалы, энергетикалық сусындарды көтерме сатумен айналыса бастаған компания мерзімі өтіп кеткен бұл өнімді не істеуге болатынын сұрап, Үкіметке хат жолдады.

Сөйтсе, қолданыс мерзімі аяқталған бұл өнім қоршаған ортаға залал келтіретін уға айналатындықтан, оны утилизациялаудың ережесі сонау 2008 жылғы 15 ақпанда бекітілген екен. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің түсіндіруінше, ЭС-тарды жою «Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесіне» сәйкес жүргізіледі.

» 5

ҰБТ: ЕРЕЖЕ НЕГЕ БҰЗЫЛДЫ?

Алтын ұя мектебімен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқан түлектер қазір Ұлттық бірыңғай тест тапсыру сынағынан өтіп жатыр. ҰБТ басталды дегенше, қоғам бір дүрлігіп қалатыны бар. Алып ұшқан арман жетегіндегі түлектерді айтпағанда, ата-ана, орта білім саласының мамандары да жанталас бір күйде болады. Әркім өзінің бәйгеге қосқан «тұлпарының» оза шауып, үздік болғанын қалайды.



» 6

ПРЕЗИДЕНТ КІНӘЛІ АДАМДАРДЫ ЖАЗАЛАУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды. Онда: «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысы Отар ауылындағы әскери бөлімде мерзімді қызметін өтеп жатқан сарбаздың комаға түсуіне қатысты анасының әлеуметтік желілерде жариялаған үндеуімен танысты. Мемлекет басшысы болған оқиғаның мән-жайын мұқият зерттеп, кінәлі адамдарды жазалауды талап етті. Президент Қорғаныс министріне армияда мұндай жағдайға жол бермеу қажет екенін ескертіп, тергеу амалдарын бақылауға алуды тапсырды» делінген.

Өткен сенбіде AIQYN газеті ұжымы елордалық бүлдіршіндерге Disney мен Pixar студиялары бірлесіп әзірлеген «Ойжұмбақ 2» мультфильміне билет тарту етті. Адам болмысының қалыптасуын көрсететін анимациялық фильмді 56 бала демеушілер тарапынан тегін тамашалады. Мұндағы мақсат — қазақша дыбысталған фильмдерге сұраныстың бар екенін дәлелдеу және балаларға жоғары көңіл күй сыйлау.

Сенбі күні кешкі 17:00-де мультфильм сеансы қойылатын зал алдында жиылған балалар рет-ретімен орындарға жайғасты. Әр баланың жүзінен экранның қосылып, анимацияның басталуын асығыстықпен күтіп отырғаны байқалды.

» 8



«Ойжұмбақ 2»:

ЭМОЦИЯҒА ТОЛЫ ШЫТЫРМАН

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізді. Онда 20 маусым күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібі бекітілді.

Соған сәйкес алдағы бейсенбіде палата депутаттары «Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы» заңдарды қарайды. Бұл заңдар көліктің әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, халықаралық жүк тасымалдау рәсімдерін жеңілдетуді және мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамытуды көздейді.

Сонымен қатар сенаторлар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Транскаспий халықаралық көлік бағытын, оның ішінде Қытай – Еуропа қатынасындағы контейнерлік пойыздар үшін дамыту жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» заңдарды қарайды. Аталған құжаттардың нормалары Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы транзиттік-көліктік әлеуетті және сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі нығайтуға, сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша мультимодальды тасымалдарды дамыту үшін автомобиль, теңіз және теміржол көлігі түрлерінің артықшылықтарын тиімді пайдалану үшін қолайлы жағдай жасауға арналған.

Одан бөлек, палата отырысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени орталықтарды өзара құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қаралады. Заң екі мемлекет арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуды көздейді.

Сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» заң мен оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сатып алу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар да Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды.

Бейсенбідегі отырыста «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ғылым және технологиялық саясат, платформалық жұмыспен қамту және мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар екінші оқылымда қаралады.

Сонымен бірге депутаттар Қазақстан Республикасының орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі Парламенттік комиссияның құрамына сенаторларды сайлау туралы мәселені қарайды.

Сондай-ақ бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөлініп берілді.

ШАРУАЛАРҒА 2 МЛРД ТЕКШЕ МЕТР СУ БЕРІЛДІ

Елімізде суару маусымы басталғалы 12 мыңға жуық шаруаға 2 млрд текше метр су берілді. Бүгінде вегетация кезеңі штаттық кестеге сай өтіп жатыр.

«Қазсушар» мекемесі биыл 790 мың гектардан астам ауылшаруашылық алқабын суаруға 12 млрд текше метр су жіберуді жоспарлап отыр. Оның ішінде 7,3 млрд текше метрі оңтүстік өңірдің егістіктеріне жұмсалады.



Кәсіпорын филиалдары биыл диҳандармен су беру бойынша 18 758 келісімшарт жасады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 32%-ға артық.

Суару маусымына дайындық аясында 83 гидробекет жөнделіп, қалпына келтірілді. Сонымен қатар 775 гидробекет аттестациядан өтті.

«Кәсіпорын филиалдары арнайы су пайдалануға рұқсат алды, су қоймаларының жұмыс кестесі бекітілді, суару желілеріне вегетацияға дайындық аясында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Еліміздегі суармалы алқаптың негізгі бөлігі оңтүстік өңірлерге тиесілі, бұл – кәсіпорын арналары арқылы суарылатын егіс алқаптарының шамамен 97%-ы», – деді Су ресурстары және ирригация министрлігінің ресми өкілі Мөлдір Әбдуәліева.

ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ЖЕКЕ КУӘЛІК ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ІІМ Қазақстан Республикасы азаматының жаңа үлгідегі жеке куәліктерін шығаруды бастады.

Жаңа үлгідегі құжатта жеке куәлік иесінің азаматтығы мен жынысы туралы деректер көрсетіледі. Бұрын бұл мәліметтер жеке куәлікке салынған чипте болған.

Жеке куәліктің жаңа дизайны бюджеттен шығын талап етпейді және азаматтардың жаңа құжаттарды шығару үшін төлейтін мемлекеттік баж мөлшеріне әсер етпейді (2024 жылы мемлекеттік баж мөлшері – 738,4 теңге).

Жарамдылық мерзімі аяқталмаған жеке куәліктер бұдан әрі де жарамды болады. Қазақстандықтар жаңа дизайнды жеке куәліктерді тек



құжатының мерзімі аяқталған кезде немесе оларды басқа да себептермен ауыстыру керек болған кезде ала алады. Яғни, бір мезгілде жаппай құжат ауыстыру болмайды.

МӘЖІЛІС СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Палата бірінші оқылымда сот жүйесін реформалау және процесік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді талқылайды. Тиісті заң жобасын Парламент депутаттары Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатымен әзірледі. Жаңа редакцияға сәйкес, Жоғарғы Соттың рөлі өзгеріп, оның негізгі мақсаты сот тәжірибесін нақтылау және біркелкі қамтамасыз ету болады. Сот төрелігін тек жергілікті және кассациялық соттар ғана жүзеге асырады. Осыған байланысты Қылмыстық-процестік, Азаматтық-процестік және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстеріне өзгерістер енгізіледі.

Сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем алу тәртібін жетілдіру туралы заң жобасы мен Салық кодексіне енгізілетін ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда қарау ұсынылады.

Күн тәртібінде Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан арасындағы цифрлық инклюзия және трансформация жөніндегі Азия-Тынық мұхиты министрлерінің конференциясын ұйымдастыру туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы да бар.

Бұдан бөлек, Мәжіліс комитеттері Қазақстан–Қатар арасындағы әскери ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау жобасы, газбен жабдықтау және тауарлық газды үнемді тұтынуға қатысты заң жобаларын жұмысқа алады.

КАСПИЙ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ИНВЕСТЖОБАЛАР ҚАШАН БІТЕДІ?


Ақтауда Каспий жағалауындағы бірнеше туристік инвестициялық жобалар бітпеген күйі қалып қойды. Оған себеп, инженерлік инфрақұрылымдардың дайын болмауы.

Жағалауда су, электр энергиясы, газ және жол мәселесі әлі күнге толық шешілмеген. Соған сәйкес, Ақтау қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізіліп, жағалауда дамытуда шетелдік тәжірибе қолданылатын болады.

«Жоспардың уақытында іске аспауы инфрақұрылымның дайын болмауымен байланысты. Сондықтан ең алдымен жедел түрде инфрақұрылым мәселесін шешуге жұмыстанып жатырмыз. Бұған дейін басталған жұмыстарды

тағы да жандандырып, одан әрі күшейтіп, қаржысын ұлғайтып, үлкен жоспар құрып жатырмыз», – деді Манғыстау облысы әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев.

Айта кетейік, Президент Үкіметке Манғыстау облысының әкімдігімен бірге Каспий жағалауындағы туризм инфрақұрылымының сапасын арттыруды, Дубай мен Баку қалаларының тәжірибесін ескере отырып, Ақтау қаласының бас жоспарын қайта қарауды тапсырған болатын.




ҚАЗАҚСТАНДА ОЙЫН БИЗНЕСІ ЖӘНЕ ЛОТЕРЕЯ КОМИТЕТІ ҚҰРЫЛАДЫ

Елімізде Туризм және спорт министрлігіне қарасты Туризм индустриясы комитетін қайта құруды жоспарлап отыр. Тиісті қаулы «Ашық НҚА» порталында жарияланды.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚР Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің құрамынан Туризм және спорт министрлігі Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитетін бөлу жолымен қайта құру туралы шешім қабылдады», – делінген құжатта.

Қаулы жобасын қабылдау аталған комитетке салалық мәселелерді дербес және тиімді шешуге мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Бұған дейін Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша



өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы екінші оқылымда қаралып, қабылданған болатын.



ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОСЫЛҒАН АЙМАҚТЫҚ ҮЛЕС

Әзербайжанның Шуша қаласында өткен «Түркі мемлекеттері ұйымы: геосаяси шындықтар мен жаһандық катаклизмдер аясында жаңа стратегиялық мақсаттарға жету жолында» атты халықаралық конференцияда «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек сөз сөйледі.

Ол өз пікірін «Түркі мемлекеттері ұйымы: жаһандық қауіпсіздікке аймақтық үлес» атты панельдік сессия аясында білдірді. Дәулет Кәрібек Қазақстан Президентінің халықаралық саясаттағы байыпты бастамаларының маңызын және оның өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесін атап өтті.

«Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қазіргі таңда жаһандық қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз ету міндеті «орта державаларға» жүктелген. Дипломатия мен әріптестік қағидаларына сүйене отырып, орта державалар адамзаттың алдында тұрған жаһандық сын-қатерлерге қарсы бірге шығуы тиіс. Мемлекет басшымыздың пікірінше, ашықтық пен жаһандануға ұмтылу, дипломатия мен диалог аумақтық дау-дамайлардан бастап идеологиялық жанжалдарға дейін түрлі келіспеушілікті еңсерудің басты құралдарына айналуға тиіс», – деді ол.

«AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы биыл Қазақстанның Түркі мемлекеттері ұйымына төра-

ғалығы «TURKTIME!» ұранымен өтетініне назар аударды. Сондай-ақ Дәулет Кәрібек өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Түркі мемлекеттері ұйымын нығайтудың маңызына тоқталды.

«Геосаяси құбылмалылық, сауда және санкциялық соғыстар, жаһандық жеткізу тізбектерінің бұзылуы даму парадигмасының ауысқанын дәлелдейді. Осындай жағдайда Түркі мемлекеттері ұйымының рөлі арта түскен. Әлемдегі геосаяси жағдай шиеленіскен кезде бұл Ұйым халықаралық саясаттың ұтымды және прагматикалық жүргізілуін, логистикалық, көліктік, дипломатиялық және тағы да басқа коммуникацияларды қамтамасыз ететін тетіктердің бірі болып қалуда. Осылайша, бұл Ұйым тұрақсыздықты еңсеру мен шығындарды барынша азайту үшін көпір болып қызмет етеді», – деді ол.

Халықаралық конференцияға 300-ге жуық мейман қатысты. Олардың арасында Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер мен бақылаушы елдердегі көшбасшы партиялардың жетекшілері болды. Шушада ұйымдастырылған Конференция түркі мемлекеттерінің қазіргі геосаяси шындықтары мен стратегиялық мақсаттарын талқылаудың маңызды алаңына айналды. Аталған іс-шара ұйымға мүше мемлекеттердің халықаралық аренадағы позицияларын нығайтуға және тиімді ынтымақтасуға мүмкіндік береді.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ БӨЛМЕЛЕРІ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



Партияның қоғамдық қабылдау бөлмелері өз жұмысын жалғастырып жатыр. Өткен аптада партияның ел аумағындағы қоғамдық қабылдау алаңдарында министрліктер мен әкімдіктер өкілдерінің, Мәжіліс және мәслихаттар депутаттарының, сондай-ақ өзге де азаматтардың қатысуымен бірқатар кездесу өтті.

Азаматтар партияға түрлі мәселе бойынша жүгінуде. Атап айтқанда, өткен аптада су тасқынынан зардап шеккен адамдарға өтемақы төлеу және Әкімшілік кодекске өзгерістер енгізу, Үштөбе қаласындағы бау-бақша серіктестіктері мен білім ошағын сақтап қалу, Семейдегі балалар ауруханасында болған проблема және дәрілік препараттарды танбалау сияқты бірқатар маңызды мәселе көтерілді.

Сонымен қатар мобильді қоғамдық қабылдаулар Шығыс Қазақстан облысының Өрел және

Аршаты ауылдарында және Батыс Қазақстан облысының Казталов кентінде азаматтарды көшпелі қабылдау өткізді. Тұрғындар балаларды емдейтін тіс дәрігерлерінің, балаларға арналған ойын алаңдарының болмауы, сумен жабдықтау, ұялы телефон байланысы, сондай-ақ ақбөкендердің санын реттеу сынды өзекті мәселелерге назар аударды.

Өткен аптада «AMANAT» партиясының ел аумағындағы қоғамдық қабылдау алаңында 1 112 адам қабылданып, 1 688 өтініш келіп түсті.



«AMANAT» пен «YENI AZƏRBAYCAN»: ӨЗАРА ТИІМДІ ДИАЛОГ

«AMANAT» партиясы мен «Yeni Azərbaycan» партиясы Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестікті дамыту бойынша бірлесіп жұмыс істеуге ниетті.

Баку қаласында «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек пен «Yeni Azərbaycan» партиясы Төрағасының Орынбасары – Орталық аппарат басшысы Тахир Будагов өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы тиісті меморандумға қол қойды.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек екі мемлекет арасында дәстүрлі достық қарым-қатынас сақталып келе жатқанына назар аударды. Оның айтуынша, аталған меморандум екі елдегі саяси партиялардың өзара диалогін жандандырып қана қоймай, мемлекетаралық қатынастардың достық пен тату көршілік рухында дамуына серпін береді.

«Yeni Azərbaycan» партиясы Төрағасының Орынбасары – Орталық аппарат басшысы Тахир Будагов екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың тарихи және мәдени-гуманитарлық аспектісіне тоқталды.

Ол «Yeni Azərbaycan» партиясының мемлекеттер арасындағы тату көршілік қатынастарды одан әрі нығайту мақсатында «AMANAT» партиясымен ынтымақтастықты жандандыруға ниетті екенін растады.

Тараптар партиялық құрылыс мәселесі, экономикалық және мәдени-гуманитарлық даму, заң шығару, жастар және гендерлік саясат сынды өзара ынтымақтастықтың бірқатар бағытын айқындады. Сонымен қатар кездесуге қатысушылар партиялық оқыту мен партия кадрларын даярлауды дамыту саласындағы өзара іс-қимыл перспективаларын талқылады.

Кездесу соңында тараптар партияаралық диалогті белсенді нығайтуға уағдаласты, сондай-ақ күн тәртібіндегі екіжақты және халықаралық кең ауқымды мәселелер бойынша пікір алмасты.

Сонымен қатар Дәулет Кәрібек Әзербайжанның жалпыұлттық көшбасшысы Гейдар Әлиевтің рухына тағзым етіп, 1990 жылғы қайғылы оқиға құрбандары жерленген және Таулы Қарабақ үшін болған шайқастарда қаза тапқан бауырларстар зираты – «Шаһиттер аллеясындағы» Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» СЫР ӨҢІРІНДЕ ЖАЛҒАСТЫ

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы Сыр өңірінде қарқынды түрде жалғасуда. Акция аясында саябақтар, скверлер мен аллеялар аумақтарын абаттандыру, қоқыстардан тазарту, ағаш отырғызу сияқты жұмыстар қарқынды жүргізілді.

КОНКУРС СИПАТЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР

Мемлекет басшысының «Ауылдық аумақтарды дамыту туралы» тапсырмасына сәйкес, облыстағы елді мекендер арасында тазалыққа, көркейту, көгалдандыруға, абаттандыруға бағытталған «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіледі. Байқау – туған өлкені жасыл желекке айналдырып, табиғатты аялауға және экологияның жақсаруына өз үлесін қосатын әлеуметтік маңызы бар ерекше жоба. 2023 жылы конкурс 2 рет көктем және күз айларында өткізіліп, облыстық бюджеттен 1 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Ауылдық аумақтарға қажетті арнайы техникалар қалдық тасымалдаушы көлігі, жол тазалағыш, жер қазушы, тиегіш тракторлар, ассенизатор машинасы, жүк тасымалдаушы көлігі секілді 29 техника жеңімпаз елді мекендерге табысталды.

Ағаш рет өткізілген көктемгі конкурсқа 7 аудан орталығы, 24 ауыл қатысып, «Үлгілі аудан орталығы» номинациясы бойынша 3 аудан орталығына және «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша 3 ауылға арнайы коммуналдық техникалар табысталды. Күзгі конкурсқа да осындай талаптарға сай жеңімпаздар анықталды.

Биылғы жылы да конкурс жалғасын тауып, облыстық бюджеттен 436 млн теңге бөлінді. Оған 19 техника сатып алынып, конкурс жеңімпаздарына табысталаатын болады. Қазір конкурсқа қатысушы елді мекендердің құжаттары жинақталуда. Конкурс «Үлгілі аудан», «Үлгілі ауыл» және «Үлгілі елді мекен» номинациялары бойынша өткізіледі. «Үлгілі елді мекен» номинациясы бойынша әр ауданнан 1 жеңімпаз елді мекен анықталады және оларға абаттандыру жобаларын қаржыландыруға облыстық бюджеттен 15 млн теңгеден беріледі. «Үлгілі аудан»

номинациясына аудандардағы кенттер мен қалалар, «Үлгілі ауыл» номинациясына тірек және серіктес елді мекендер, «Үлгілі елді мекен» номинациясына тірек және серіктес елді мекендерден басқа елді мекендер қатысады.

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК ЖАСАҚТАРЫ АКЦИЯҒА АТСАЛЫСУДА

Өңірде республикалық «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының кезекті еңбек маусымының ашылу салтанаты өтті. Шараға еңбекші жастармен қатар, волонтерлер, қала тұрғындары қатысты. «Жасыл ел» қозғалысы жастарды еңбекке баулып қана қоймай, ортақ идеялар төңірегінде топтастыруда. Жастарды іріктеу кезінде халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға өздерін көрсетуге, демалыс кезінде қосымша табыс табуына назар аударылып келеді.

Ашылу салтанатында 100-ге жуық еңбекші жастар Қызылорда қаласындағы Б.Шөкенов саябағында тазалау, сырлау, өктуе жұмыстарын жүргізіп, республикалық «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясына өз үлесін қосты.

Осы уақытқа дейін Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырып жатқан экологиялық акцияға барлығы 191 мыңнан аса ерікті, қоғам қайраткері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысты. Нәтижесінде, 8 мың тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылып, елді мекендердегі 505 сквер мен парк, 225 тарихи мәдени ескерткіш, 791 әлеуметтік нысан, 1 130 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 289 су объектісі, 24 445 аула мен көшенің бойы тазартылып, 900-ге жуық техника жұмылдырылып, 129 мыңнан аса өңірдің климатына сәйкес жерсінетін қарағаш, терек және сырталы көшеті егілді.



(Басы 1-бетте)

Кәмила ЕРКІН

Жыл басынан бері санкцияға ұшыраған (Сбербанктің бұрынғы еншілесі – ред.) Bereke банкі сатып алу бойынша белсенді келіссөздер жүргізілген еді. Қаржы институты оның жағымсыз салдарынан сырт айналу мақсатында клиенттік базаны жойғаннан кейін нарықтағы өз позициясын жоғалтты. 2022 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша бұрынғы Сбербанктің (Қазіргі – Bereke bank) борыштық жүктемесіндегі өзге міндеттемелердің үлесі небәрі 33,7% болатын. «Бәйтерек» ұлттық холдингінің банкі сатып алуын қаржы сарапшылары Қазақстанның инвестициялық мәртебесін нығайтуда «шешуші» рөл деп бағалады. Сарапшылардың пікірінше, осы арқылы қазақстандық нарық алғаш рет саламатты бәсекелестікке бет бұрса, ал қарапайым халық пен корпоративтік орта үшін жана мүмкіндіктерге жол ашылды.

Қазақстанға қатысты жоспарлары мен инвестиция көлемін ескерсек, аталмыш қаржы институтын сатып алу – Қатар тарапынан қисынды қадам деуге келеді. Мұндай ауқымды келіссөздер мен инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуында Мемлекет басшысының рөлі орасан. Себебі еліміздің қаржы нарығында пайда болатын екінші шетелдік банк те Президенттің тікелей қатысуымен өткен Қазақстан–Корея бизнес-форумында айқын болды.

Егер
банкербәсекелестік үшін келсе,
бұл – басқа мәселе.Әрине, ел экономикасы үшін
халықаралық банктердің
қатысуы оң фактор.

Сонымен қатар халықаралық
қаржы институттары
көптеген қазақстандық
қаржыгерді «тәрбиелеп»
шығарғаны рас. Сондықтан
білім алу тұрғысынан шетел-
дік ойыншылардың келуі
қадрлық қызметке де
оң әсер етуі
мүмкін.



Корея Президентінің мемлекеттік сапары шеңберінде ұйымдастырылған бұл шара аясында BNK Financial Group Inc. Корея компаниясының құрылымына кіретін BNK Finance Kazakhstan микроқаржы ұйымы екінші деңгейдегі банкке айналдыруға рұқсат алды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Банктің қалағалау саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылғанына тоқтала келе:

– Жаңа құжат арқылы инвестициялар қауіпсіздігін бақылаудың тәртібі реттелмек. Елімізде корейлік BNK Finance



БӘСЕКЕ БОЛМАЙ, БАНК ОҢБАС

Kazakhstan микро-қаржы ұйымы бар. Мен оны екінші деңгейдегі банкке айналдыру туралы шешімді қолдаймын, – деді.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі де Мемлекет басшысының бұл ұсынысына қатысты қаржы нарығында жаңа банктің пайда болуы сектордағы бәсекелестіктің кенеюіне ықпал ететініне сенім білдірді.

«BNK Financial Group Inc. – активтері \$129 млрд және «AAA» ұлттық рейтингі бар Оңтүстік Кореяның аса ірі қаржы тобы. Топ құрылымында 300-ден астам филиалы және «A2» халықаралық рейтингімен 2 банк бар.

2021 жылы BNK МКҰ микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия алды. Бүгінгі күні BNK МКҰ микроқаржы ұйымдары секторындағы активтер мөлшері бойынша 13-ші орында, 2021 жылдан бастап ХҚЕС активтері 5 есеге ұлғайып, 20,3 млрд теңгені құрады. Кредиттік портфель 6 есеге ұлғайып, 18,8 млрд теңгеге жетті. Агенттік BNK МКҰ-дан келіп түскен өтініш пен құжаттар топтамасының негізінде Басқарманың 2024 жылғы 7 маусымдағы № 26 қаулысымен екінші деңгейдегі банкке айырбастау нысанында BNK МКҰ-ны ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат берді, – деп хабарлады Қаржы реттеуші.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Қизатов бизнес-форум қулуында БАҚ өкілдеріне аталмыш

МКҰ 2024 жылдың желтоқсанында банк лицензиясын ала алатынын хабарлаған еді.

«Алты ай ішінде аталмыш микроқаржылық ұйым ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды өткізеді деп күтеміз. Яғни, олар кенсе бөлмелерін дайындау, жабдықтар сатып алу, қызметкерлер жалдау секілді жұмыстар аяқталуы керек. Нәтижесінде, желтоқсан айында бұл ұйымға банктік лицензия берілуі мүмкін. Банк ретінде лицензия алған күннен бастап олар ресми түрде жұмыс істей бастайды», – деді ол.

Сонымен қатар агенттік төрағасының орынбасары BNK Finance-тің Қазақстанның банк нарығына кіруін оң бағалайтынын айтты.

«Біз BNK Finance-тің банк нарығына кіруіне жалпы оң көзқараспен қараймыз, өйткені BNK Global Finance тобының өзі өткен корейлік қаржы корпорациясы. Әлемнің көптеген елінде бұл компанияның бөлімдері бар және мұндай ірі қаржы институты отандық банк нарығына енуі – жақсы құбылыс», – деді О.Қизатов.

Аталмыш микроқаржылық компанияның ресми сайтында көрсетілген ақпаратқа сүйенсек, BNK Finance Kazakhstan елімізде 2018 жылдың қараша айынан бері жұмыс істей бастаған. Осы жылдың наурыз айында ЖШС акционерлік қоғам болып қайта құрылады. Компанияның бас кеңсесі Алматыда орналасқан, Шымкент пен Астана қалаларында бөлімшелері жұмыс істейді.

Дегенмен кейбір қаржыгерлер көпшіліктің нарыққа келетін шетелдік банктер жергілікті банктерге қарағанда арзанырақ несие бере бастайды деп күтуі

орынсыз деген пікірде. Себебі олардың несие беру саясатының талаптары одан да қатал болуы мүмкін. «Қазақстанның қаржы секторы: стратегиялық сын-қатерлерге 25 жыл» форумында қаржыгер Бекжан Пірматов жана банктер бизнесіне немесе халықты жаппай несиелендіруі екіталай деген пікірімен бөліскен болатын.

«Егер банктер бәсекелестік үшін келсе, бұл – басқа мәселе. Әрине, ел экономикасы үшін халықаралық банктердің қатысуы оң фактор. Сонымен қатар халықаралық қаржы институттары көптеген қазақстандық қаржыгерді «тәрбиелеп» шығарғаны рас. Сондықтан білім алу тұрғысынан шетелдік ойыншылардың келуі қадірлік қызметке де оң әсер етуі мүмкін. Басқа елдермен салыстырар болсақ, нарықтағы банктердің саны жеткіліксіз. Сондықтан банк нарығындағы ойыншылар санының өсуі клиенттер үшін тиімді болар еді», – дейді қаржыгер.

Ал еліміздегі ең ірі банктің басқарма төрағасы Үміт Шаяхметованың ойынша, ел арасында шетелдік банк келсе, нарық-

тағы мәселелер шешіледі деген жансақ түсінік қалыптасқан.

«Бүгінде Қазақстандағы 21 банктің 12-сі шетелдік субъектілердің қатысуымен жұмыс істеуде. Бұл банктердің жалпы санының 50%-дан астамын құрайды. Алайда активтер, несие беру және депозиттер көлемінің 90%-ы отандық 9 банкке тиесілі. Яғни, барлық активтердің шамамен 10%-ы шетелдік банктерге тиесілі, олар саны жағынан 50%-дан асады», – деді ол.

Банкирдің бұл уәжі орынды-ақ. Дегенмен экономист Бауыржан Шурмановтың айтуынша, елімізде өз қаражаты арқылы өнім ұсынатын банктер жеткіліксіз.

«Қазір біздің қазақстандық банктерде базалық мөлшерлемеге байланысты барлық шарт қарастырылған және оған төмендетудің ерекше қажеттілігі жоқ. Түптеп келгенде, олар жай ғана 14 пайызбен ақша алып, оған 10 пайыздық үстеме қосады. Шетелдік банктердің келуіне қызығушылық бар және бұл нарық субъектілері үшін, ең алдымен, бәсекелестік тұрғысынан қиындық тудырады. Шартқа сай шетелдік банктерден тиімді несие күтеміз. Бір кездегі ұялы байланыс нарығындағы принципті мысалға келтіруге болады. Мәселен, Tele 2 компаниясының нарыққа енуі ұялы байланыс нарығындағы ойын шарттарын біржолата өзгертті. Ол кездері ұялы телефон байланысының 1 минуты 30 теңге болатын, олар бұл бағаны 5 теңгеге дейін төмендетті. Менің ойымша, шетелдік қаржы субъектілерін ең бірінші Қазақстанның корпоративтік секторы қызықтырады. Халық санының аздығына ескере отырып, олар серіктестік орнатуға мүдделі деп есептеймін, – дейді экономист.

Сарапшының сөзінің жаны бар. Себебі соңғы уақытта қаржы секторындағы корпоративтік несие көлемінде оң өзгерістер байқалады. Мысалы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің есебіне сүйенсек, 2023 жылы банктер бизнеске берген кредиттер портфелі 16,7%-ға, яғни 11,2 трлн теңгеге дейін өскен. Бұл – соңғы 12 жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Ұлттық банктің кредиттік тіркелімінің деректері бойынша бизнеске ұлттық валютада берілген несиелердің орташа сыйақы мөлшерлемесі бір жыл ішінде 16,5%-дан 20%-ға жеткен.

Құжатта: «Салалар бөлінісінде кредиттердің негізгі үлесі өнеркәсіпке (29,7%), саудаға (26,2%), көлікке (7,3%), құрылысқа (5,3%), ауыл шаруашылығына (4%) және байланысқа (1,8%) тиесілі. Занды тұлғалардың кредиттер портфелі 11,9%-ға, 9,6 трлн теңгеге дейін, оның ішінде ШОБ субъектілеріне қарыздар 13,3%-ға, 5,7 трлн теңгеге дейін, ірі бизнес субъектілеріне кредиттер 10,1%-ға, 3,9 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Бұл ретте ЖК кредиттері 58,6%-ға, 1,5 трлн теңгеге дейін өсті», – делінген. Жалпы алғанда, бытыр бизнес субъектілеріне барлығы 15,5 трлн теңге несие берілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 22,1%-ға артық. Қаржы реттеуші мұндай көрсеткіштің негізгі себебінің бірі ШОБ субъектілерін қолдайтын мемлекеттік бағдарламалардың әсері деп түсіндірді.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында Түркістан облысында бірқатар игі шара атқарылып жатыр. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды осынау тұжырымдама аясында бекітілген кестеге сай бірқатар ауданда болып, тұрғындардың өтініш-тілегін тыңдауда.

Назгүл НАЗАРБЕК

САЙРАМДЫҚТАР МҰҢЫН
ТЫҢДАДЫ

Өңір басшысы Сайрам ауданына барып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Облыстың, ауданның даму бағыты туралы ой қозғап, өзекті мәселелерді де ескерді. Сайрамдықтардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады.

«Сайрам – өңіріміздегі ең ауыл шаруашылығы дамыған, кәсіпкерлікке ден қойған аудан. Әлеуеті өте жоғары. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Сайрам ауданында 2023 жылы 14 елді мекенде 31 жобаны іске асыруға 2,6 млрд теңге бөлінді. Бірқатарына тоқталсақ, Нұржанқорған елді мекенінде 300 орынға арналған мектептің қосымша корпусы пайдалануға тапсырылды. Қарамұрт елді мекеніндегі мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, Ақбулақ елді мекенінде мәдениет үйі салынып, пайдалануға берілді. Қасымбек Датқа елді мекенінде электр желілерінің құрылысы жүргізілді, 30

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАБЫНА ҚҰЛАҚ ТҮРДІ



көшеге орташа жөндеу жұмыстарымен қамтылды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 1,2 млрд 207 жоба қаржыландырылды. АҚШ-тың белгілі инженері Илон Масктың Starlink спутниктік интернет құрылысын орнату жұмыстары басталып, Сайрам ауданында 28 мектепте толық іске қосылды. Сайрам ауданында жалпы өңірлік өнім көлемі 2021 жылдан бері 20 пайызға өсіп, 2023 жылы 257 млрд теңгенде асты. Быыл 4 айда бұл көрсеткіш 71 млрд теңгені құрап, былтырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 23 пайызға өскен. Дегенмен алда атқарылар жұмыс көп. Ауданның өндірісін дамыту, кәсіпорындарды көбейту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық көлемін ұлғайту, терен өңдеу салаларын дамыту керек», – деген Дархан Сатыбалды қаржыны игеру, зансыз құрылыстарды тоқтату, қылмысты төмендету, су мәселесін шешу және өзге де түйткілдерді реттеу бойынша тапсырмалар

берді. Сонымен бірге «Таза Қазақстан» акциясы аясында тазалық жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Кездесуде аудан әкімі Арман Сәбитовтың жыл қорытындысы мен биылғы 4 айдағы атқарылған жұмыстар бойынша есебі тыңдалды. Ауданда шағын және орта бизнес субъектілерінің саны соңғы 3 жылда 36 пайызға өсіп, 2023 жылы 21 мыңнан асты. Олардың өндірген өнім көлемі 202 млрд теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 64 млрд теңгеге немесе 46 пайызға өскен. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 49 млрд теңгеге жетіп, жоспар 2,4 млрд теңгеге артығымен орындалған. Негізгі, капиталға бағытталған инвестиция көлемі 51 млрд теңгеге асып, жоспар 11 млрд теңгеге артығымен орындалған. Аудан әкімі мен басқарма басшыларына бұл көрсеткіштерді жақсартуға, өзіндік кірістерді арттыру жөнінде тапсырмалар берілді.

Кездесу барысында тұрғындар облыс әкіміне инфрақұрылым және өзге

де әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша өтініштер түсті. Одан кейін облыс әкімі тұрғындарды жеке қабылдады. Оған басқармалар мен құқық қорғау органдары басшылары да қатысып, тұрғындардың өтініштерін тыңдады. Көтерілген мәселелер мен арыз-шағымдар назарға алынып, тиісті жұмыс жүреді.

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІМЕН
ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ АЛГОРИТМІН
ТҮСІНДІРДІ**

Түркістан облысының Қоғамдық даму басқармасының «Ақпараттық талдау орталығы» КММ-ның ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясындағы іс-шаралар легі өңірдің аудан, қалаларында жалғасуда. Төлеби ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудандық ішкі саясат бөлімі БАҚ саласына жауапты мамандарының және аудан әкімінің баспасөз қызметінің мамандарының қатысуымен пікір алмасуға арналған жиын өтті.

Кездесуде «Ақпараттық талдау орталығы» КММ директорының міндетін атқарушы Н.Сариев, орынбасары Е.Ақтаев, «Әлеуметтік желі мониторинг» бөлім басшысы Н.Нұржанұлы арнайы келіп, қала, ауыл округтің әлеуметтік желімен жұмыс жүргізетін жауапты мамандарының жұмыс алгоритмін түсіндірді.

Қазір қолына ұялы телефон ұстаған кез келген азамат әлеуметтік желіден парақша ашып, кез келген ақпаратты, жаңалықты тарату мүмкіндігіне ие болған. Әлеуметтік желіде таралатын ақпа-

рат ешкімнен ақылдаспай, цензураға ілікпей таралып жатыр. Сондықтан болар, тексерілмеген, жалған ақпарат, қасақана біреуге зиян келтіру мақсатында ақпарат тарату жайттары да кездесуде.

Жиында сала мамандары мемлекеттік органдар мен халық арасындағы ақпараттардың ашықтығын қамтамасыз ету бағытында ашылған ресми парақшаларға жарияланған сыни материалдарға дер кезінде жауап жазудың тиімді тустарын әңгімелеп, оқырмандар санын арттырып, жағымды жазбаларды көбейтуді тапсырды.

Мерзімі басылымдарда кездесетін қателіктерді айтып, түзету жолдарын түсіндірді. Аудан экономикасы, әлеуметтік саласын дамыту үшін жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар, маңызды реформалар барысы және елдегі болған қоғамдық-саяси оқиғалар туралы әлеуметтік желідегі парақшаларға сапалы ақпарат жариялануы қажетін айтты.

Жиын барысында сала мамандары қойылған сұрақтарға толыққанды жауап беріп, өтініштерін назарға алып, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Айта кетейік, БАҚ-та және әлеуметтік желіде осы кезге дейін жарық көрген жалпы ақпарат саны – 183 434. Оның ішінде 180 738 жағымды, 61 сыни, 2 635 бейтарап. Түркістан облысының аудандарынан шыққан жағымды ақпараттардың жалпы саны – 95 138. БАҚ-та және әлеуметтік желіде жарық көрген бейтарап ақпарат саны – 3 414. Түркістан қаласынан 507 ақпарат жарық көрген.

Түркістан облысы

Елдос СЕНБАЙ

Елімізде қоғам белсенділерінің бірі айтқандай, «адамды жынға айналдыратын» өнімге қарсы күрес басталғандай. Әңгіме – энергетикалық сусындар туралы болып отыр. Депутаттардың пікірінше, бұл сусынды көп тұтынатын – лудомандар: олар энергетиктің қызуымен отырып, бәске шектен тыс қаржы тігіп қойғанын да байқамайды. Сондықтан бұл сусын түрін 21 жасқа толмаған жастарға сатуға тыйым салынбақ. Оның жарнамасына да рұқсат етпеу ұсынылды.

«СУСЫН ІШП, БАТЫЛ БӘС ТІГЕДІ»

Екіншісі біле бермес, бірақ энергетикалық сусындар (ЭС) жас ұрпақтың болашағына балта шауып қана қоймай, мемлекетке ауыртпалық түсіреді, оның адами және уақыт ресурстарын босқа рәсуа қылуға мәжбүрлейді. Мысалы, энергетикалық сусындарды көтерме сатумен айналыса бастаған компания мерзімі өтіп кеткен бұл өнімді не істеуге болатынын сұрап, Үкіметке хат жолдады.

Сөйтсе, қолданыс мерзімі аяқталған бұл өнім қоршаған ортаға залал келтіретін уағай айналатындықтан, оны утилизациялаудың ережесі сонау 2008 жылғы 15 ақпанда бекітілген екен. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің түсіндіруінше, ЭС-тарды жою «Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесіне» сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте мерзімі өткен осы өнімнің кезекті партиясының дұрыс жойылғанын қадағалау үшін жергілікті әкімдіктер мен құзырлы мекемелерге арнайы комиссия құрып, процесі бақылауға тура келеді.

«Қауіпті тамақ өнімдерін жою, яғни көметін жерді мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және қоршаған ортаны қорғау органдарымен келісе отырып, облыстардың, республикалық маңызы қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органдары белгілейді. Энергетикалық сусындар (ЭС) сияқты қауіпті тамақ өнімдерін жоюды комиссия мүшелерінің міндетті түрде қатысумен соның иесі жүргізеді және бұл шара бекітілген нысан бойынша тиісті актімен ресімделеді», – деп түсіндірді Экология министрлігі.

Осылайша, энергетикалық сусындар қазақтың қасиетті даласын ұлап жатқан кезекті қалдыққа айналды. Назар аударатын жайт, бұл сусындардың ең басты тұтынушысы – жастарға сатуға тыйым салынған соң, сатылмай, қолданыс мерзімі аяқталатын, салдарынан жерге көмілетін өнімдердің көлемі де күрт өспек. Ендеше проблеманы өршітпей, елімізге энергетикалық сусындарды импорттауға және өндірісіне толық тыйым салып тастаған жөн еді. Қоғам белсенділері мен ұлт жанашырлары соны талап еткен-тін. Алайда Парламент пен Үкімет оған баруға бойларынан батылдық таба алмады.

Сонымен «энергетиктерге» қатысты шектеулер мен тыйымдар «Кейбір заңнамалық актілерге ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы мен оған ілесіп «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында көрініс тауып отыр. Мәжіліс 5 маусымда екінші оқылымда қабылдаған бұл құжаттар енді Сенаттың қарауына түсті.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясының фракциясы жетекшісі Елнұр Сейсенбаев энергетикалық сусындар мен лудомания арасындағы байланыстың барын жеткізді. Тиісінше, онымен күрес шаралары заңсыз ойын бизнесіне тосқауыл қоятын заң жобаларына енгізіліпті.

Бұл тыйымға белгілі бір лоббистік топтар, үкіметтік емес ұйымдар, блогерлер белсенді қарсы шықты. Елнұр Сабыржанұлының айтуынша, бұл заңнамалық түзетулер – ең көп талқыланған заң жобасы болды. Мәселенің көтеріліп, заң жобасы ретінде ресімделіп, үздіксіз талқылануы келе жатқанына екі жылдың жүзі болды. Үкіметтің қорытындысын алудың өзіне 1,5 жылдай уақыт кетті. «Қоғамдық диалог» алаңдарында да, Парламент қабырғасында да кенінен талқыланды. Бұл осы мәселенің аса өзекті екенін көрсетеді.

– Құмар ойындарға тәуелді азаматтар – энергетикалық сусындардың басты тұтынушысы. Олар оны ұйықтамау, түні бойы кірпік қақпай ойнау үшін көп көлемде сіміреді. Қаржылық мониторинг агенттігінің дерегінше, 200 мыңнан астам



СОРҒА БІТКЕН СУСЫН

кәметке толмаған бала құмар ойындарды тұрақты ойнайды. Олар «энергетиктердің» әсеріне елігіп, бәс тігетінін жоққа шығаруға болмайды. Бүгінде «энергетиктер» алкогольді ішімдіктерден де қауіпті болып кетті. Өйткені тіпті он жасар бала да дүкенге кіріп, оны оп-онай сатып ала береді, – делі депутат.

Осыған байланысты, Президенттің жас ұрпақты болашағына залал келтіретін өнімдерден қорғау тапсырмасын орындау мақсатында, аталған заң жобаларында Мәжіліс пен Үкімет энергетикалық сусындарды 21 жасқа толмаған балаларға сатуға тыйым енгізіп отыр.

ТҮЙІМДІ БҰЗСА, ЖАЗА ҚАНДАЙ?

Заңнамалық түзетулер қазіргі күйде қабылданса, онда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне жаңа 423-3-бап енгізіліп, оның аясында «энергетиктерді» сатушының қатысуынсыз сауда автоматтары, вендингік аппараттар, өзге де электронды немесе механикалық құрылғылар арқылы сатуға тыйым салынады. Себебі автоматтар клиенттерден құжат сұрамайды, ішіне тиын-тебен тыққаннан бәріне, соның



Бүгінде әлеуметтік желілерде, интернетте «энергетиктердің» кем дегенде 70 танымал бренді дәріптеліп жатыр. Айтпақшы, ЭС өндірушілер ММА жұлдыздары арқылы бұл сусынды «нағыз жігіттерге қуат беруші өнім» ретінде насихаттайды. Бұл да ұлт болашағы үшін алапат сын-қатерге айналды.



ішінде балаларға өнім ұсынады. Демек бизнес жаңа заң жобасындағы 21 жасқа толмағандарға сату тыйымын автоматтар арқылы айналып өтуі мүмкін.

Нәтижесінде, 423-3-бапқа сәйкес, энергетикалық сусындарды 21 жасқа толмаған тұлғаларға, соның ішінде сатушының қатысуынсыз сауда автоматтары, вендингік аппараттар, өзге электронды немесе механикалық құрылғылар арқылы сатса, жеке тұлғалар үшін – ескерту жасалды немесе 15 АЕК (2024 жылы 55 380 теңге), шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін – 25 АЕК (92 300 теңге), орта кәсіпкерлік үшін – 40 АЕК (147 680 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – 100 АЕК (369 200 теңге) айыппұл салынады.

Осы әрекетін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін 1 жыл ішінде қайталап жасаса, яғни бір жылда тағы қолға түссе, жеке тұлғалардың айыппұл сомасы – 30, шағын кәсіпкерлердікі – 50, орта кәсіпкерлерде – 80, ірі кәсіпкерлік нысандары үшін – 200 айлық есептік көрсеткішке дейін артып, екі еселенеді.

Мұндай сан қайдан алынды? Тым төмен айыппұл ЭС өндіруші және өткізуші компанияларды тыйымды қасқана бұзуға, тұтылса, айыппұл төлеумен құтылуға итермелемей ме? Денсаулық сақтау министрлігінің түсіндіруінше, «әрекеттердің бірдей екенін ескере отырып, энергетикалық сусындарға қатысты айыппұлдар мөлшері 21 жасқа толмаған адамдарға темекі сату санкцияларына сәйкес белгіленді».

Денсаулығын Қазақстанда, әсіресе балалар мен жастар өзінің денсаулығы мен дамуына кері әсер ететін энергетикалық сусынды (ЭС) өте көп тұтынатынына назар аудартады.

«Health Behavior in School-Aged Children (HBSC) ұлттық зерттеуі көрсеткендей, балалар мен жасөспірімдердің 43,2%-ы ЭС тұтынады. Әрбір бесіншісі немесе 22,5%-ы – энергетикалық сусындарды аптасына 1 реттен сирек, 8,8%-ы – аптасына 1 рет, 6,4%-ы – аптасына 2-4 реттен, 2,3%-ы – аптасына 5-6 рет, 1,4%-ы – күн сайын 1 рет, 1,5%-ы – күн сайын, әрі күніне бірнеше рет тұтынады. Жастардың «энергетиктерді» шамадан тыс қолданатынын 2022 жылғы 8 қарашада Атырау облысына жұмыс сапары барысында Президенттің өзі айтқан болатын», – деп қаперге салды Денсаулық сақтау ведомствосы.

Оның мәліметінше, жас кезінде ЭС тұтыну адамның бірінші кезекте, нейродамуына кері әсер етеді. Мұның сыртында бұл сусынның құрамындағы біркатар заттар кесірінен ұйқысыздық, күйгелектік, ойды жинақтай алмау, назар шоғырландыруға қабілетсіздік сияқты жүйке жүйесі аурулары пайда болады. Бұдан өзге, Денсаулығын хабарлауынша, ЭС жүрек-қан тамыр жүйесіне, асқазан-ішек жолдарына айтарлықтай зиян келтіреді және

Үкімет жанындағы Кәсіпкерлік қызметі реттеу мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссия отырысында тыйым қаралып, мақұлданды. Осыдан кейін Мәжілістегі әлгінде айтылған заң жобаларында 21 жасқа толмаған адамдарға ЭС сатуға заңнамалық деңгейде тыйым салу енгізілді.

Алайда бұл тыйым тек келесі жылы күшіне енуі мүмкін.

СЕМІРТЕТІН СУСЫНДЫ «АРЫҚТАТАР ӨНІМ» ДЕЙДІ

Денсаулық сақтау министрлігі жастар арасында депрессияның және суицидалды көңіл күйлердің ұшығуына да энергетикалық сусындардың ықпалы бар деп санайды. Лоббистердің ықпалымен тыйым салу мерзімін тым ұзатып алу кесірінен, бұл қоғамдық құбылыс тек өршіп барады. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, қазақстандық жастардың депрессия деңгейі әлемдік деңгейден 5 есе жоғары!

Қазақ жастарының 70%-ы депрессияға душар болғанын айтқан. Соның ішінде стрестен (12,8%), ұйқысыздықтан (21%) және апатиядан (16,6%), ұзаққа созылған жаман көңіл күйден (15,7%), мазасыздықтан (13,2%) зардап шегеді. Бұл деректерді де Денсаулығын келтіріп отыр.

2023 жылы республикада қан айналымы жүйесінің ауруларымен динамикалық бақылауда 2,7 миллион қазақстандық тіркелді. Оның бәрі «энергетикшілдер» емес, бірақ бұл сусындар осы науқастар қатарының артуына сүбелі үлес қосады.

«Жүрек-қан тамырлары аурулары елдегі мезгілсіз өлімнің негізгі себебі-

не айналды. Қазақстанда ересек адамдардың жартысы артық салмақ немесе семіздіктен зардап шегеді, бұл ДДСҰ-ның еуропалық аймағындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Сондықтан ЭС-терді 21 жасқа толмағандарға сатуға тыйым – ұлттық қауіпсіздікті, ұлт денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, болашақта еңбекке қабілетті, экономикалық белсенді азаматтардың денсаулығын жоғалтуының алдын алуға, жас ұрпақты біркатар аурудың пайда болуынан, тәуелділіктен және онымен байланысты салдарлардан қорғауға бағытталған. Сондай-ақ бүгінде толық зерттелмеген өзге жаңа аурулардың белең алуы қауіпін алдын алу үшін қажет», – деп түсініктеме берді Денсаулық сақтау министрлігі.

Министрлік аталған заң аясында, тіпті энергетикалық сусындарды жарнамалауға тыйым салуды да ұсынған. Бірақ бұл тыйымға тек ЭС лоббистері ғана емес, телеарналар қарсы шығып жатыр. Сондықтан негізгі және ілесіп заң жобаларының Парламент қабыл-



дайтын ақырғы нұсқасында жарнамаға тыйымның болар-болмасы әзірге белгісіз.

Денсаулық сақтау ведомствосы ұрпақ қамын ойлайтын болса, Үкімет пен Парламент «энергетиктер» жарнамасын тоқтатуы керек деп табандап отыр. Министрліктің сарапшылары ЭС пиары мен маркетингті агрессивті жүргізетінін, олар азаматтарды, әсіресе жастарды соны көбірек тұтынуға ынталандыратынын еске салды. Мысалы, ЭС өндірушілер қоғамдық пікір көшбасшылары, қаптаған блогерлер арқылы энергетикалық сусындарды енді «салмақ жоғалтудың бір әдісі ретінде» насихаттай бастады. Салдарынан оны болашақ ана – жас қыздар көп тұтынатынды шығарды. Қыз-келіншектер, ересек әйелдер сол арқылы ашығу сезімін басып, тамақтануды «энергетикпен» алмастырады. Бұл – ұлт болашағына балта шабу деген сөз.

Денсаулығын мұндай қатер, қауіпті түсініктің кең етек жаюына энергетикалық сусындардың маркетингті айыпты деп отыр.

ЭС брендтерінің мықты дизайны, жарқын реңкі, агрессивті маркетингі, бұқара, жастар арасында ең танымал тұлғаларды жалдауы, республикалық жетекші ақпарат құралдарының төрін – прайм-таймды жаулайтын тартымды жарнамалары, брендтік акциялары олардың қарқынды ілгерілеуіне серпін береді. Денсаулық сақтау министрлігінің талдамалық нысанында, тіпті Ұлттық арна «Qazaqstan»-да күніне бір рет Red Bull сияқты ЭС жарнамасы көрсетілетіні айтылған. Олай болса, Сенат депутаттары табандылық танытып, энергетикалық сусындар жарнамасына тосқауыл қойса, құп.



Алтын ұя мектебімен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқан түлектер қазір Ұлттық бірыңғай тест тапсыру сынағынан өтіп жатыр. ҰБТ басталды дегенше, қоғам бір дүрлігіп қалатыны бар. Алып ұшқан арман жетегіндегі түлектерді айтпағанда, ата-ана, орта білім саласының мамандары да жанталас бір күйде болады. Әркім өзінің бәйгеге қосқан «тұлпарының» оза шауып, үздік болғанын қалайды. Бір өтпеген-айы, қызды-қыздымен ҰБТ-ның ережелерін белден басатындар да кездеседі. Соңғы жылдары бақылаудың күшейтілгенінің нәтижесінде тестілеудің айналасындағы даудамалы, байбалам азайды. Дегенмен дайын жауаптарды тарату, рация мен қалта телефондарын алып кіру оқиғалары өлі де кездеседі.



ҰБТ: ЕРЕЖЕ НЕГЕ БҰЗЫЛДЫ?

песінің сапасы мен тұтастығын сақтау үшін білім берудің жоғары стандарттарын, академиялық адалдық пен ашықтық принциптерін ұстануды бұдан әрі де жалғастырамыз, — деп жазаған еді Әнуар Жанғозин.

Ол анықталған заңбұзушылықтарға сәйкес осындай келенсіздікті туындатқан оқиғаларға емтихандарды қайта тапсыру құқығынсыз емтихан нәтижелерін жою туралы шешім қабылданғанын түсіндірді. Біз өз тарапымыздан «ҰБТ сертификатынан айырылған оқушыларға қандай тәртіптік жаза қолданылғаны туралы және оларға қандай да бір мүмкіндіктер беріле ме?» деп сұрағанмыз да «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ басқарма төрағасының орынбасары Сабырхан Садуақасов:

— ҰБТ сертификатынан айыру сұрағына келсек, зияткерлік мектептердің 12-сынып оқушыларына Кембридж бағалау кеңесі мен Педагогикалық олимпиада орталығымен бірлесіп дайындалған сыртқы тәуелсіз бағалау өткізіледі. Осы сыртқы емтихандардың нәтижелері негізінде ҰБТ сертификаты беріледі. Аталған жағдайда сыртқы бағалау емтиханының нәтижесі жойылғандықтан, ҰБТ сертификаты сәйкесінше берілмейді. Аталған оқушыларға биылғы жылы жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін бірнеше мүмкіндік бар, — деп жауап берді.

С. Садуақасовтың айтуынша, Назарбаев зияткерлік мектептері оқушыларының бағдарлама негізінде тапсыратын сыртқы емтихандарда академиялық

адалдықты бұзуы NIS жүйесінің беделі мен қызметіне, халықаралық стандарттарға сай білім беру нормаларына кайшы. Сондықтан оқуға түскен кезде оқушылар мен олардың заңды өкілдері міндетті түрде мектептің ішкі тәртібі мен академиялық адалдықты сақтау ережелерімен танысып, екі тарапты келісімшартқа қол қояды. Оқу барысында оқушыларға мектептердің ішкі тәртібі мен академиялық адалдық нормаларын сақтау, оны бұзудың салдары туралы сынып сағаттарында және түрлі іс-шара барысында үнемі түсіндіріледі.

Ал Ұлттық тестілеу орталығына Назарбаев зияткерлік мектептерінде болған оқиғаға байланысты хабарлақанымызда:

— Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында тест нұсқалары танбаланып отырып өткен жөн. Яғни, ҰБТ-ға қатысушылардың әрқайсысының жеке тест нұсқасы болады. Талапкерлер рұқсат етілмеген заттарды (ұялы телефон, шпаргалка және т.б.) алып кірмеуі үшін әрбір талапкер тестілеуге кірер алдында тексеруден өтеді. Тестілеуге кіргізу кезінде қол және рамаалық металл іздегіштер пайдаланылады. Бұл талапкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ережелерді бұзу мен тыйым салынған заттарды алып өтудің алдын алу үшін қажет, — деп жауап берді Ұлттық тестілеу орталығының баспасөз қызметшісі.

Талапкерлердің ҰБТ кезінде ереже бұзуы көбіне қандай себептерге байланысты туындайды? Оларға тәртіптік

жаза қолданған кезде қандай мәселеге көбірек мән беру керек? Ереже бұзған оқушылардың болашағы қалай өрбуі мүмкін? Бұл сұрақтардың жауабын білу мақсатында Қазақстанның Еңбек Ері, білікті педагог Аягүл Мирзозоваға хабарласқан едік.

— Меніңше, емтихан кезінде оқушының орынсыз қозғалағаны, онды-солды бұрылып, жан-жағына бұрылып қарағаны үшін ескерту жасаған дұрыс. Бірақ емтиханның шығарып жібермеген дұрыс. Ал шпаргалка қолданып, телефон пайдаланса немесе басқа да ереже бұзса, оған көз жұмып қарауға болмайды. Оқушы айтылған талапты орындауға тиіс. Ескертілген ереже бәріне ортақ қой. Сондықтан әрбір оқушы өз білімінің көрсеткішін адал әрі әділ алуы тиіс. ҰБТ-ға байланысты көптеген ой бар. Білім сапасы өз дәрежесінде болмай жатқаны туралы көп айтылады. Қазір диплом емес, бізге нағыз білімді, мамандығына сай

ҰБТ-ға төрт аптаның ішінде 510 талапкер қатысты, — деп жазылған Ұлттық тестілеу орталығының баспасөз хабарламасында.

Жалпы, биыл еліміз бойынша 186 мың түлек 11-сыныпты аяқтады. Бөлінген грант саны — 112 мың. Бұл бытырғы көрсеткіштен 23 мыңға артық.

Ұлттық тестілеу орталығының директоры Болатбек Әбдірасылов грант санының артуы жыл сайынғы демографиялық өсіммен байланысты дейді.

— Аталған грант мөлшерінің 79 мыңы — бакалавриат еншісінде. Оған 16 мамыр — 5 шілде арасында негізгі ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысатын 180 мыңнан астам талапкер таласады. Олар оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, Қазақстан тарихы және екі таңдау пәні бойынша білімін сынайды. Бұрын математика-физика екі бейіндік пәнді 19% абитуриенттер таңдаса, биыл математика-физиканы таңдаған балалар саны — 16%. Ал биология-химия 16%-дан артықтау. Шығармашылық — 13% және 11% математика-информатика пәнін таңдап отыр. Бұл деген биология-химия бағытына жасалған, негізделген мамандықтарды көбірек жастарымыз таңдауға мүмкіндік алатынын көрсетеді, — деді Болатбек Әбдірасылов.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, негізгі ҰБТ 43 өңірлік тестілеу орталығында 47 күн ішінде жүргізіледі.

— ТЖ жарияланған 6 өңірде — Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында ҰБТ 25 мамырдан бастап 12 шілдеге дейін өткізіледі, осы өңірлер үшін өтінділерді қабылдау 20 мамырға дейін ұзартылды, — деді министр.

Ғылым және жоғары білім министрінің шешімі бойынша биыл талапкерлер негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең үздік нәтижемен грант конкурсына қатыса алады. Яғни, Ұлттық тестілеу орталығының баспасөз қызметшісі хабарлағандай, талапкер тестілеуге қатысуға екі мүмкіндік есепке алғанда 342 мың өтініш берген. Оның ішінде тапсырушылардың 75%-ы қазақ тілінде, 24,9%-ы орыс тілінде, 229 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтуге өтініш білдірген екен. Әрбір талапкердің және ата-ана, сала мамандары білуі тиіс елімізде ҰБТ өткізу және академиялық адалдық қағидаларының сақталуын бақылау үшін тиісті бұйрық бекітілген. Ереже бұзған кез келген талапкерге қатысты тәртіптік жаза қарастырылған. Сондықтан әрбір талапкер өзінің 11 жыл бойы мектепте алған білімін әділ әрі адал дәлелдеп шығуға дағдылануы тиіс. Ал тәртіп пен білімді, әділдік пен адалдықты серік еткен ұрпақтың келешегі кемел болатынын дәлелдеу артық шығар...

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Алайда биылғы ҰБТ-ға қатысты талапкерлердің бұзылу оқиғасы өзгерек сипатта өрбиді. Stan.kz ақпарат агенттігі 6 маусымда «ҰБТ сертификатынан айырылады»: Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары емтихан сұрақтарын әзірлеп, шынайы тапсырма ретінде таратқан» деген ақпарат жариялады. Ақпаратта жазылғандай, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин Facebook-тегі парақшасында білім ордаларының бірінде оқушы жалған тапсырмаларды әзірлеп, ал басқа оқушылар тобы оларды шынайы емтихан материалы ретінде таратқанын, және ол оқушылар тәртіптік жаза қолданылғанын мәлімдеген.

— Бұл оқушылар қорытынды емтихандар аясында ҰБТ сертификатын алу мүмкіндігінен айырылады. Материалдарды таратуға қатысқан қалған оқушыларға да тәртіптік жаза қолданылды. Біз мектептеріміздегі білім беру про-

ALMATY MUSEUM OF ARTS – ЗАМАНАУИ ӨНЕР МҰРАЖАЙЫ

Осыдан бірер ай бұрын Алматыдағы әл-Фараби даңғылы бойымен келе жатқан жолда қаланың қақ ортасында орын тепкен ғимаратты көзіміз шалған еді. Сыртқы көрінісі шаһардағы өзге сәулет өнеріне ұқсай бермейтін ғимараттың құрылыс жұмыстары күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Таяуда біз жаңадан бой көтерген Almaty Museum of Arts заманауи өнер мұражайының құрылыс жұмыстарымен танысуға мүмкіндік алдық. Құрылыс алаңымен таныстырған ұйымдастырушылардың сөзінше, бұл Орталық Азиядағы алғашқы заманауи өнер мұражайы.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Инвестициялық жалпы сомасы 100 млн АҚШ долларын құрайтын Almaty Museum of Arts негізін коллекционер және меценат Нұрлан Смағұлов қалаған. Мұражай ғимаратын әлемнің 60-тан астам еліндегі ғимараттардың авторы Шарпан Тәулог британдық сәулет бюросы мен Сан-Францискодағы заманауи өнер мұражайы, Бильбаодағы Гуггенхайм мұражайы, Дохадағы Катар ислам өнері мұражайы, Париждегі Помпиду орталығы және Лувр жобаларымен айналысқан Lord Cultural Resources халықаралық музей жоспарлау консалтинг компаниясы бірлесіп жобалаған. Заманауи өнер мұражайының инженерлік жобасын Лондондағы Британ мұражайы, Әбу-Дабидегі Лувр, Лос-Анджелестегі LACMA мұражайының инженерлік шешімдерін әзірлеген британдық Vugo Harrold консалтинг компаниясы құрды. Алматының төрінде бой түзген өнер ордасы Қазақстандағы мәдени құбылысқа айналары бек мүмкін.

Мұражай құрылымы тау мен қаланың көрінісін бейнелейтін L-тәрізді өзара қиылысқан екі ғимараттан тұрады. «Өнер көшесі» мұражайдың Н. Назарбаев даңғылына қарайтын негізгі кіреберісі мен Almaty Theatre ғимараты төңірегіндегі кіреберісті байланыстыратын аралықты құрайды. Тау шатқалына ұқсайтын бұл кеңістік мұражайдың негізгі «күре тамыры» саналады. Мұнда топтамадағы мүсіндік туындылар орналастырылады. Заманауи өнер мұражайының театр ғимаратымен көрші орналасуының да өзіндік мәні бар. Себебі мәдени ошақтардың бір-біріне таяу орналасуы — өнерді тамашалауға келген қала қонақтары мен туристер үшін тиімді. Ұйымдастырушылар біз сөз етіп отырған мұражайдың Almaty Theatre ғимаратымен етене жақын болуын гео-

графиялық орналасу ыңғайлылығымен байланыстырды. Almaty Museum of Arts мұражай қызметі жөніндегі директор, өнертанушы Меруерт Калиева мұражайдың халықаралық маңызы жоғары екенін атап өтті:

— Мұражай елімізді жаһандық мәдени диалогке тартады. Мұндай маңызды диалогке қатысу өте маңызды, себебі біздің айтарымыз көп. Мұражай кез келген прогрессивті қаладағы инфрақұрылымның ажырамас бөлігі болып келеді. Мұнда кез келген жастағы келуші жана білім алып, тәжірибе жинайды әрі уақытын өнімді өткізе алады. Сондай-ақ мұражай баяулау, кілдірту және рефлексия орны ретінде өзіндік маңызға ие. Өйткені мұражай өртүрлі құбылысқа жанаша көзқараспен қарауға, күнделікті өмірде байқалмайтын үнді есуге мүмкіндік береді. Онымен қоса, өнер мұражайы келушілерге өткен мен бүгіннің түсінуін, келешегін бағамдауға көмектеседі, — дейді М. Калиева.

Мұражай инфрақұрылымын жасақтау барысында оның нәзік туындылардан бастап монументалды иммерсиялық цифрлық қондырғыларға дейінгі кез келген жобаларды көрсете алуы басты назарға алынған. Құрылыс алаңымен таныстырған азаматтар ғимаратта негізгі талаптар, соның ішінде температура, ылғалдылық пен жарықтандыру стандарттары сақталатынын айтып отыр. Мұражай ішінде табиғи жарық пен тұрақты экспозицияларға арналған зал саны көптеп қарастырылған. Онымен қоса, төбе биіктігі 12 метр, аумағы 1000 шаршы метрді құрайтын уақытша экспозициялар бар. Мұндай залдың болуы — мегаполис үшін халықаралық көрмелерді қабылдауға таптырмас мүмкіндік.

Уақытша көрмелер залында бір жылда екі көрме өткізу жоспарланған. Нақтырақ айтсақ, көрменің бір бөлігі Орталық Азия суретшілеріне, екінші бөлігі халықаралық институттармен серіктестікке арналады.

Мұражайда көрме залдарынан бөлек концерт, кино көрсетілімдер, театр қойылымдары мен дәрістер өткізуге арналған трансформер-копфункционалды зал, балалар мен ересектерге арналған шеберхана, қазақстандық шеберлердің бұйымдары мен өнер туралы кітаптар сататын кәдесый дүкені, көркем туындыларды қалпына келтіруге арналған шеберхана, кафе қарастырылған. Сонымен қатар 5 000-нан астам туындыны сақтауға қолайлы жалпы ауданы 1 200 шаршы метрді құрайтын қойма бар. Мұнда



көлемді әрі ауыр 3D заттары, инсталляциялар мен мүсіндер, мамандандырылған жеке көркемөнер жәшіктері, графика, мұрағат, қағаз негізіндегі заттар сақталады. Сондай-ақ кескіндемені тартып шығарылатын торларда сақтау және 2D туындыларын сақтауға арналған электр жетекті стеллаж жүйесі қарастырылған.

Мұражайда монументалды өнер туындыларына арналған арнайы залдар бар. Олардың бірінде америкалық суретші Билл Виоланың бес бейне проекциясынан тұратын «Станция» (1994) инсталляциясы ұсынылады. Одан өзге мұнда танымал америкалық мүсінші, мотр Ричард Серранын болаттан жасалған өйгілі монументалды мүсініне арнайы зал қарастырылып отыр. Жалпы ұзындығы 25 метрді құрайтын мүсін «Кильыс» деп аталады. Құрылыс алаңында бізбен қатар жүрген өнертанушылар мүсіндегі қысық сызықтар



туындыларын Almaty Arts Museum заманауи өнер мұражайынан тамашалаудың сәті түспек.

Мұражайдың іші ғана емес, онымен қоса сыртқы көрінісінің де әсерлі туындылармен көзге түсуі маңызды. Бұл ретте ғимараттың сыртқы аумағына британиялық-нигериялық суретші Йинка Шонибаре, испаниялық мүсінші Жауме Пленса және арғы тегі поляктардан шыққан немес суретшісі Алисия Квале сынды авторлардың мұражайға арнап жасаған монументалды туындыларын орнату жоспарланған. Ұйымдастырушылардың сөзінше, аталған туындылар келушілердің сана-сезіміне әсер етеді. Асылтұқымды ағаш түрлері, сәубұрқақтар, серуендеуге арналған аймақтардан тұратын мұражайдың ландшафты дизайнның Шарпан Тәулог бюросы әзірлеген. Құрылыс жұмыстарымен танысу барысында ұйымдастырушылар мұражайда әлемдік суретшілерден өзге, қазақстандық суретшілердің де туындыларын қойылатынын жеткізді. Соның ішінде суретші Ербосын Мелдібековтің «Белгісіз батырдың ескерткіші» деп аталатын инсталляциясы бар.

Мұражай — тарихымыздың өткені мен бүгінгі көз алдымызға әкелетін, әр ұлттың құндылықтарынан хабар беретін жәдігерлер шоғырланған мекен. Ал сол бір тарихи жәдігерлер көрініс тапқан алаңда отандық суретшілердің инсталляцияларымен қоса әлемдік ауқымдағы туындылардың топтасуы еліміздің халықаралық масштабтағы мәдени ықпалын айқындайды. Almaty Museum of Arts мәдени саладағы маңызды серпіліс болары анық.

Атырау енді шегірткемен күреседі

Екі ай бойына тасқынмен күресіп, бөгет бойын күзеткен Атырау енді шегірткелер «шабуылына» дайындалып жатыр.

Баян ЖАНҰЗАҚ



Мамандардың айтуынша, биылғы жылы шегірткелер бұрынғыдан үш есе көп болады деп күтіліп отыр. Атырау облысында үйірлі шегірткенің екі түрінің табиғи ошақтары бар — азиялық және италияндық. Сол себепті Атырауда 86 мың гектардан астам жерді химиялық заттармен өңделмек.

Белгілі болғанындай, шегірткенің көп бөлігі Құрманғазы, Исатай, Қызылқоға, Индер аудандарына келеді. «Былтыр шегірткелер 28 мың гектар жерді жарамсыз еткен болатын. Биыл бұл көрсеткіш 90 мың гектарға дейін жетуі мүмкін. Шегірткемен күреске көмекке Орал мен Алматыдан мамандар келеді деп күтілуде. Олар химиялық заттармен жерді өңдеп қана қоймай, ауадан да тарататын болады.

«Химиялық өңдеу жүргізудің өзіндік тәртібі бар. Біз шегірткенің дамуының екінші немесе үшінші кезеңіне жетуін күтеміз. Біздің болжамымыз бойынша, шегірткелердің негізгі толқыны мамырдың аяғында келуі мүмкін. Биыл шегірткелер бұрынғыдан үш есе көп болады деп күтілуде», — деді Ауыл шаруашылығы министрлігі Атырау облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Әбіл Қазиева.

Жыл сайынғы практика көрсетіп отырғанындай, шегірткелер «шабуылынан» жыл сайын елімізде ауыл шаруашылығы дақылдарының 30-35 пайызы зардап шегіп отыр. Бір өкініштісі, егіннің жарамсыз болып қалуымен бірге, зиянкестер «қоныстанған» алқап өсімдіктерінің сапасы да төмендейді екен.

«Яғни, шегірткелер жүріп өткен алқаптың шөптеріне дейін мал азығына пайдасыз болып қалады. Атырау өңірінде әу бастан үйірлі шегірткелердің екі түрі бар. Олар негізінен құмды, шағылды аймақтардағы италиян прусы және Еділ, Қиғаш өзендері мен Каспий теңізі жағалауларындағы қамысты алқаптарда мекендейтін азиат

шегірткесі. Өрине, егін алқаптарында зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жыл сайын тұрақты түрде жүргізіліп отырғанымен, шегіртке популяциясын біржола жойып жіберу мүмкін емес. Химиялық өңдеу — шегірткелердің санын белгілі бір деңгейде азайтуға мүмкіндік беріп отыр», — деді Ауыл шаруашылығы министрлігі Атырау облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Әбіл Қазиева.

Мамандардың айтуынша, тез жұмыртқа тастап, тез көбейетін «көшпенді» шегірткелер шекара талғамайды. Сондықтан ол бір жерде ғана қоныстанбайды және жаппай миграция жасаған кезде бірнеше мыңдаған шақырымды арқа тастап ұша алатын қасиетке ие жәндік.

«Жалпы, шегірткемен күрес белгілі бір аудан, облыс деңгейінде шектелмейді. Зиянкестермен күресте шекаралас елдермен бірлесу жұмыс істеу маңызды. Оның үстіне, дүние жүзінде қазіргі болып жатқан ғаламдық жылыну, күн сәулесі белсенділігінің артуы зиянкес араларын кеңейте түседі», — деді маман Әбіл Қазиева.

Ғалымдар жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне қарағанда, шегірткелердің әрбір 11-12 жыл сайын жаппай көбейіп барып, «шабуылы» сәл толастайтын белгілі болып отыр. Мәселен, 2012-2014 жылдары осындай үрдіс байқалып, бір ғана Атырау облысында химиялық өңдеуден өткен жер көлемі 133 мың гектарға жеткен.

Шыны керек, биылғы көктем Атырау үшін оңай соқпай тұр. Тасқыннан кейін күннің жылдам ысуы да шегірткелердің таралуына ықпал етіп жатыр. Оның үстіне, тасқын салдарынан был жоспарлы егіннің біраз гектары өнім де бермейді. Атырау облысының төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабының мәліметіне сәйкес, биыл өңірде тасқын аумақта-

рында орналасқан алқаптардың 85 гектар егілген егін су астында қалып отыр. Сонымен бірге көктемгі дала жұмысын жүргізуге арнайы дайындалған жердің 4 000 гектар су басты.

Мәселен, Атырау қаласы аумағында егін шаруашылығымен айналысатын 14 шаруа қожалығының 735,17 гектар жер учаскелерін сондай-ақ 9 мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтың территориясын су басты. Атырау қаласы әкімдігінің мәліметінше, егін алқаптары зардап шеккен қожалықтар арасында Қайыршақты округінен 10 ШҚ, Алматы ауылдық округінен 4 ШҚ бар. Сондай-ақ Сарыөзек каналы аумағындағы 4 қожалық және Соколов каналы бойында орналасқан 5 қожалықтың жерлерін су басты.

Атырау қаласы әкімдігінің ресми өкілі Ғасырбек Төлегеннің айтуынша, қазірдің өзінде Атырау қаласы маңындағы Қайыршақты, Алматы, Атырау селулық округінде химиялық өңдеу жұмыстары жүреді. «Әзірге Атырау қаласының территориясына шегіртке келе қоймайды. Бірақ қолда бар шаруашылықтарда алдын ала залалсыздандыру жұмыстары жүріп жатыр», — деп нақтылды спікер.

Егін шаруашылығының отаны саналатын Махамбет ауданында биыл тасқын салдарынан 93 шаруа қожалығы зардап шекті. Оның 66-сы егін алқабы. Атырау облысы аумағында тасқыннан зардап шеккен шаруашылық нысандарының қатарында алма бақтар да бар.

Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы бөлім басшысының міндетін атқарушы Азат Қапановтың айтуынша, облыс бойынша биыл 10 825 гектар егін егу жоспарланды. Алайда бұл жоспар толық орындалмайды. Тасқын судан бөлек, күтіліп отырған «шегірткелер шабуылы» егіншілер үшін үлкен сынақ болғалы тұр.

Атырау облысы

ҚҰРТТАҒАН СУ КЕСЕЛГЕ АЙНАЛМАСЫН

Арал қаласының тұрғындары жайылымнан қайтқан төрт түлігінің қала шетіне төгілген лас суды ішіп жүргенін айтып, дабыл қақты. Жергілікті жұртшылық әкімдікке осы жайында сан мәрте шағымданғанымен еш нәтиже болмай тұрғанына ашынады. Есесіне сарқынды суды сол маңға төгу жұмыстарына тосқауыл болмай тұрғанын түсінбей дал болып жүр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Тұрғылықты халықтың пікіріне сәйкес, Арал қаласынан шамамен 5 шақырымдай қашықтыққа кәріз суын төгетін арнайы орын белгіленіп, сарқынды судың сол маңға төгіле бастағанына біраз болған. Алайда халық бұл орын ешбір талапқа сай келмейтінін алға тартады. Себебі белгіленген орын қоршалмай, ашық-шашық күйде жатыр. Ешқандай кедергі қойылмаған. Соның салдарынан жайылымда жүрген төрт түлік мал сарқынды суды ішіп, нәжіс төгілген орынды жиі айналдап жүр. Ал малының сүті мен еті ел пайдаланып жатыр. Көптің көкейінде мұның соны адам өміріне зор қауіп төндірмесе деген қорқыныш басым.

«Күнделікті жайылымнан қайтқан мал осы кәріз суын ішіп жатыр. Лас су мен зиянды қалдықтар төгілген орын қоршалмаған. Ал халық осы малдың сүтін ішіп, еті жеп жүр. Бұл — адам өміріне қандай зардап тігізетінін ойлаудың өзі қорқынышты. Тіпті, соңғы кездері мүйізді ірі қаралар белгісіз себептермен өліп жатқан фактілер де бола бастады. Сондықтан да жауапты орындар тарапынан бұл жерді жауып, кәріз суын төгуге тыйым салуды талап етіміз», — деп жанай-қайын жеткізді Арал қаласының тұрғыны Төрбек Жансейітов.

Лас қалдықтар төгетін орын ешқандай талапқа сай келмейтінін айтады жергілікті жұртшылық. Ал одан шыққан күдімсі иіс ауаны ластан жатыр. Тұрғындар таза ауаға мұқтаж екенін айтып, мұның шақты.

Өз кезегінде халықтың жанай-қайын Қызылорда облысы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына жеткізіп, мәселені мән-жайын сұрап көрдік. Басқарма тарапынан аталмыш мәселе бойынша кәріз суының белгіленбеген орынға төгілуін бақылау жергілікті атқарушы органдардың қызыретінде екенін алға тартты.

«Жалпы, бұл мәселе жергілікті атқарушы органдардың қызыретінде. Ал қалдық судың төрт түлікке зиянына тікелей ветеринария мекемесі жауапты. Егер сол занбузушылықты растайтын фото, видео сынды дәлелді құжаттар

болып, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына арызданса, жоспардан тыс тексеру тағайындай аламыз. Соның нәтижесінде занбузушылықтар анықталған жағдайда заңнамаларға сәйкес шара қолданылатын болады», — деп жауап берді басқарма.

Ал Арал ауданы әкімдігі тарапынан бұл мәселеден хабардар екенін мәлімдеді. Аталған орынға аудандық ауруханадан шыққан кәріз суы құйылып жатқанын жеткізді. Алайда аудан халқын аландатқан мәселенің нүктесі қашан қойылатыны жайында нақты мәлімет бере алмағаны таңғалдырды.

Өз кезегінде лас қалдықтың азабын көріп отырған жамағат жергілікті әкімдіктің бұл уәжімен келіспейді. Себебі аталмыш орынға кәріз суынан өзге, ассенизатормен мал сою алаңынан шыққан малдың қаны мен қалдықтары да төгіліп жатқанын айтып отыр. Тіпті, малдың қалдықтары құрттап, сүмдік жағдайдың күәсі болып отырғанын жеткізді. Оған қажетті фото, видео дәлелдері де аз емес.

«Бұл шынымен алаңдатарлық жағдай. Бұл жер ешқандай заңды талапқа сай емес. Керек десеңіз, термен өліп жатқан фактілер де болуы мүмкін. Бүгінде қалдық су төгілген орында бір минут та тұру мүмкін емес. Тіпті, кәріз суымен бірге төгілген мал өлекесінің қалдықтары апатты ыстықтан құрттай бастады. Бірақ сол суды төрт түлік мал ішіп жатыр. Бұл жерге кәріз, әжетхана қалдықтарының да төгіліп жатқанын ескерсек, жағдайдың қаншалықты ушығып тұрғанын бағамдай беруге болатын шығар. Аудан

Қызылорда облысы



«Ашық тендер амалымен «КС-6 «Отар» компрессор стансасындағы басқару жүйесін жаңғыртуды техникалық қадағалау» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «КС-6 «Отар» компрессор стансасындағы басқару жүйесін жаңғыртуды техникалық қадағалау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны — 1, жалпы сомасы 94 809 135,00 теңге, КҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 03 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 03 шілдеде, сағ. 11:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-50.

Объявление о проведении закупки услуг «Технический надзор за модернизацией системы управления КС-6» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Технический надзор за модернизацией системы управления КС-6» (Количество лотов — 1, сумма, выделенная для закупки на составляет 94 809 135,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 03 июля 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 03 июля 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-50.

Объявление о проведении закупки услуги «Технический надзор за строительством Инструментального газопровода» магистрального газопровода «Казахстан-Китай» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуги «Технический надзор за строительством Инструментального газопровода» магистрального газопровода «Казахстан-Китай» (Количество лотов — 1, на общую сумму 11 249 374,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 03 июля 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов 03 июля 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-60.

Ашық тендер амалымен «GPS байланыс қызметтері» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «GPS байланыс қызметтері» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды (Лот саны — 4, жалпы сомасы 48 441 538,08 теңге, КҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 03 шілдеде, сағ 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 03 шілдеде, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-50.

Объявление о проведении закупки услуг «Услуги связи GPS» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке услуг «Услуги связи GPS» (Количество лотов — 4, сумма, выделенная для закупки на составляет 48 441 538,08 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 — 13.00 ч. и с 14.30 — 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 03 июля 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12 часов 00 минут 03 июля 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-50.



ЭМОЦИЯҒА ТОЛЫ



Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Сенбі күні кешкі 17:00-де мультфильм сеансы қойылатын залалдында жиылған балалар рет-ретімен орындарға жайғасты. Әр баланың жүзінен экранның қосылып, анимацияның басталуын асығыстықпен күтіп отырғаны байқалды. Соларға қарап, «қазақ тіліне тәржімаланған фильмдермен балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алмай жүрген жоқпыз ба?» деген сұрақ пайда болды.

13 маусымнан бастап барлық кино-театрларда көрсетіле бастаған «Ойжұмбақ 2» мультфильмінің қазақша дыбыстамасы алғашқы күнінен бастап рекорд орнатып, кассалық табысы 10 миллион теңгеден асты. Бұл – жақсы көрсеткіш, бірақ онлайн билет сатып алу кассасына қарап байқағанмыз, «Головоломка 2» күніне бес рет, ал қазақша дыбысталған «Ойжұмбақ 2» екі рет көрсетіледі.



Өткен сенбіде AIQYN газеті ұжымы елордалық бұддіршіндерге Disney мен Pixar студиялары бірлесіп әзірлеген «Ойжұмбақ 2» мультфильміне билет тарту етті. Адам болмысының қалыптасуын көрсететін анимациялық фильмді 56 бала демеушілер тарапынан тегін тамашалады. Мұндағы мақсат – қазақша дыбысталған фильмдерге сұраныстың бар екенін дәлелдеу және балаларға жоғары көңіл күй сыйлау.

абдырап қалады. Оның үстіне, бұл эмоция жалғыз келмей, өзімен бірге Ұят, Қызғаныш және Немқұрайлылықты да алып келді. Бұл фильмнің бірінші «Ойжұмбақтан» ерекшелігі де міне, осы. Мультфильм жасаушылар әр эмоцияға өзіндік түс беруге тырысқан. Мысалы, жиіркеніш кейіпкері жасыл болса, ашу кейіпкерін қызыл түспен бейнелеген. Қызғаныш сезімін де қосып, жасөспірімдер үшін де бұл эмоцияның каншалықты маңызды екенін ашуға тырысқан.

Райлидің болмысына жаңадан қосылған эмоциялар бұған дейін пайда болған эмоцияларды естеліктер бөлігіне «куып жіберсе» де, Райли барлығын еске түсіріп, қолынан түк келмейтін Райлиден қайта жақсы адамға оралады. Дегенмен жаңа эмоциялар жауыз ретінде көрсетілмейді. Мультфильмде өмірдің ашы шындығы, адам жанының қиын-қатпар болмысы, әсіресе жасөспірім кездің маңызы мен қиындығы суреттеледі.



Қызық қалжың мен күлкілі сәттерге толы фильмді көрген балалар тамаша көңіл күймен шықты. Кинодан ерекше әсер алған олар адам бойындағы түрлі эмоциялармен танысып, олардың адам өмірінде қандай рөл атқаратынын ұқты. Анимация желісі бойынша, есейген адамның Бас бөлімінде жаңа эмоцияларға орын босату үшін күрделі жөндеу жұмыстары басталады. Кейіпкер Райлидің эмоциялық жағдайын бұрыннан басқарып келе жатқан Қуаныш, Мұн, Қорқыныш пен Жиіркеніш күтпеген жерден жаңа сезім – Ұрей пайда болған кезде не істерін білмей



Еске салайық, мультфильмді Disney студиясы өз есебінен қазақшаға аударып, дубляждап, жаңа кейіпкерлерді Ninety One тобының мүшелері ана тілімізде «сөйлетті». Жалпы, эмоцияға толы шытырман оқиға балаларға ғана емес, ересектерге де арналғанын айта кеткен жөн.

ШЫМКЕНТТЕ SUPER BOL РЕАЛИТИ ШОУЫНЫҢ ФИНАЛЫ ӨТТІ

Шымкент қаласындағы Қажымұқан атындағы орталық стадионда SUPER BOL қазақстандық футбол-әлеуметтік жобасының үлкен финалы өтті. Бұл – жастарды спортқа, бәсекелестікке қызығушылығын арттыру, жан-жақты әрі талантты жас футболшылар үшін бастапқы алаң ұсынуды мақсат еткен бірегей және ауқымды спорттық жоба. Жоба өзінің ауқымдылығы мен бірегейлігіне байланысты отандық және шетелдік аудиторияның қызығушылығын тудырды. Аталған шара қазақстандық футболды сапалы жаңа деңгейге шығару процесін бастауға көмектесетін дәл импульске айналып жатыр.



Назгүл НАЗАРБЕК

Super bol қазақстандық әлеуметтік жобасының финалдық матчының салтанатты ашылу рәсіміне қала әкімі Ғабит Сыздықбеков, Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің басшысы Аскар Омаров, жобаның бас менеджері Давид Лория қатысты.

Сонымен бірге биыл жоба ауқымдылығына байланысты шетелдік аудиторияның елімізге деген қызығушылығы артты. Бұл матчқа еуропалық, азиялық және қазақстандық клубтардың скауттары, сондай-ақ Челси мен Франция құрамасында ойнаған әлемдік футболдың супер жұлдызы Флоран Малуда, сондай-ақ ПСЖ мен Сенегал құрамасының бұрынғы ойыншысы Халилу Фадиға арнайы келді.

Үшінші мегаполис басшысы Ғабит Әбдімәжитұлы КСРО спорт шебері Евстафий Пехлеваниди мен басқа да шетелдік қонақтарға шапаң жауып, құрмет көрсетті. Құрмет көрсетілгендердің қатарында матчқа арнайы келген әлем футболының жұлдыздары Флоран Малуда мен Халилу Фадиға да бар.

Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің

басшысы Аскар Омаров Мемлекет басшысы балалар футболын дамытуға көңіл бөліп жатқанын, мұндай жоба бұқаралық спортты дамыту, жас футболшыларға зор серпін беретінін атап өтті. Ал қала басшысы мегаполис ісін дамыту мен гүлденуіне елеулі үлес қосқан азаматтарға «Шымкент қаласының құрметті азаматы» атағын табыс етті. Олардың қатарында белгілі режиссер, «Ника» сыйлығының және Канн кинофестивалінің лауреаты Сергей Дворцовой және КСРО спорт шебері, қазақ футболының анызы Евстафий Пехлеваниди бар. Танымал екі тұлғада Шымкент қаласында дүниеге келген.

Гранд финалда кеңестік және еліміздің футболының аңыздары Вахид Масудов пен Дмитрий Огайдың командалары кездесті. Сонымен, үлкен финалда Вахид Масудовтың командасы 3:1 есебімен жеңіске жетті.

Сондай-ақ үзіліс кезінде отандық жұлдыздар өнер көрсетіп, көрермендер үшін футболдың үздік дәстүрлеріне айналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Шымкент қаласы



NUR MEDIA
МЕДИЯ ХОЛДИНГІ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүзлина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Едгар ҚАБА –
Секретарият меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыз арадагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БОЛМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырме №4461
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әзімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.

Газет аптасына 3 рет шығады